

**Жоба: «Мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативтік дағдылары мен білігін дамыту»**



# Кіріспе

Шетел тілі соның ішінде ағылшын тілін үйрену заман талабы, оған ешкімнің қарсылығы жоқ шығар. Ағылшын тілі "Әлемдік тіл" мәртебесіне ие және бұл тілде миллиардтаған адам сөйлейді. Өз тілімізбен бірге өзге тілді де білуіміз қажет. Ағылшын тілін үйрену маңызды бір қадамдардың бірі болып табылады. Ол өзімен бірге лексикалық бірліктердің дұрыс айтылуын, ағылшын тілін тез қабылдап қана қоймай, сонымен қатар шағын әңгімелерге қатысуға, диалог жүргізуге, монолог түрінде өз пікірін білдіруге үйретеді. Балабақшадағы тәрбиелеу - оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

## **Тақырыптың өзектілігі:**

4 – 5 жастағы балаларды әдемі сөйлеуге үйрете отырып, бір мезетте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің әр түрлі иірімдерімен мағлұмат беру, тіл байлығын арттыру, жалпы интеллектуалдығын, сөйлеу деңгейін, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне оқытуға дағдыландыру.

## **Мақсаты:**

**Мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативтік дағдылары мен білігін дамыту үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қалыптастыру. Жаңа технология мен әдіс – тәсілдер арқылы балалардың білім сапасын арттыру. Балаларды байланыстырып сөйлеу арқылы қарым – қатынасқа баулу.**

## Міндеттері:

1. Сөйлесудің барлық даму түрін қалыптастыру.
2. Ерте кезеңнен бастап ағылшын тілін оқыту
3. Коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін төмендегі әдіс-тәсілдері қолдану: монолог, диалог, драматизация, ойын және тілдік жаттығулар.
4. Танымдық оқыту әдісі: назар аудару, есте сақтау, ойлау жүйесі



**Диалог**

**Монолог**

**Драматизация**

**Қолданылатын  
әдіс - тәсілдер**

**Тілдік  
жаттығу**

**Ойын**

# Монолог

Белгілі бір тақырыптың мазмұны туралы өз ойын, көз қарасын білдіру үшін суреттер, көрнекіліктер арқылы суреттеп өз ойын жеткізіп, мәлімет береді.

# Диалог

Оқушылар қысқа және толық жауап беру түрлерін қолдана отырып, танысу, құттықтау, шақыру, кешірім сұрау бір - нәрсе жайлы керек мәліметті сұрап білу үшін қолданылатын сөйлеу түрі.



**Драматизация** арқылы балалар байланыстырып сөйлеуге, бірін - бірі тыңдай білуге, рөлге кіріп ойнауды үйренеді. Ұжыммен жұмыс істеуге үйренеді.

**Ойын** - ол жас ерекшілікке қарамастан, баланың көңіл-күйін көтеретін жан-жақты ойландыратын үрдіс. Оқу қызметінде қолданылатын әрбір ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, дидактикалық ойындар оқыту үрдісінде оқушының коммуникативтік құзырлығын дамытуда да үлесі зор болып табылады. Сонымен қатар оқушының шаршауын сейілтп, қызығушылығын арттыратын тек қана ойын болып саналады. Сабақта мұғалім ойын түрлерін дұрыс қолдана білсе, балалардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады.

# Тілдік жаттығу

Тілді дұрыс қозғауды үйрету. Тіл бұлшық еттерін дамыту. Тілді қозғап үйрену бағытын өзгерту және де тез дұрыс бағытын табуға үйрету. Дыбыстарды дұрыс айтуға даындау.

## «The tree of riddles» «Дерево загадок»



### Цель:

- Закрепление лексики по теме «Animals», «Colour»
- Тренировка речевых образцов: Is it a cat? Yes\No Is it a dog?
- Тренировка речевого образца: Is it yellow?
- **Оборудование:**
- Дерево с «плодами» или с маленькими корзинками, в которых спрятаны игрушки
- **Правило игры:**
- Учитель говорит: «на волшебном дереве созрела загадка, давайте ее отгадаем» и предлагает детям по очереди снимать корзинки с дерева и смотреть, что там. Другие дети должны отгадать, что спряталось в корзинке. задавая вопрос: Is it a dog? Или Is it black?






## «Кім не жейді?» «What meals eat animals?»

**Мақсаты:** Балалар қай жануар қандай тамақ жейтінін тауып, сол жейтін тамақты ағылшын тілінде айтады



## «Сен нені жақы көресің?» «What do you like to eat?»

Ойын шарты: сен нені жақсы көресің? Қоршап сыз. Сұраққа үш тілде жауап бер.



## «Be quick and right» «Қалт етпей қағып ал, жауабын тауып ал»

**Мақсаты:** балалардың үйренген сөздерін бекіте отырып, заттарды (ойыншықтар, ыдыстар, жануарлар т.б.) жекеше және көпше түрде атауға жаттықтыру.


**Ойын шарты.** Педагог балаларға сөздердің жекеше және көпше түрде қолданылуын түсіндіреді. Бір затты жекеше айта отырып, оны көпше түрге айналдыруды сұрайды.

Педагог бір ойыншықты (сурет) көрсетіп атынатайды:

-A bear!

Ал, балалар сөзді көпше түрде айтады:

- Bears! ... және осылай жалғаса береді.



## **Күтілетін нәтиже:**

- сөйлесудің барлық түрлерін орындай алады.
- балалар мұғалімнің нұсқауын түсініп орындай алады;
- жекелеген заттардың атауларын ағылшын тілінде дұрыс айта біледі
- заттардың түрін, түсін, санын дұрыс ажырата алады
- 2-3сөзден тұратын сөйлем құрастыра алады
- тақырыптар бойынша қарапайым сұрақтарға жауап бере алады
- сөздік қоры белсенді толықтырылады
- есте сақтау және зейін тиімділігін жаттықтырады
- баланың жан-жақтылығын дамытады





## **Қорытынды.**

Коммуникативтік дағдылар мен біліктер меңгерілді. Диалог, монолог, ойын, драматизация және тілдік жаттығу әдістері бойынша коммуникативтік дағдылар қарастырылды.

**Назарларыңызға рахмет!!!**

